

Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 22 шілдедегі N 727 қаулысы

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Ресей Федерациясынан Қырғыз Республикасына 2003 жылғы 4 наурыздағы N 03-СВК/03-Э келісім-шарт бойынша қосымшаға сәйкес номенклатурада және санда "Интерхим" жабық акционерлік қоғамына (Қара-Балта қаласы, Қырғыз Республикасы) "Сибвзрывкомплект" жабық акционерлік қоғамы (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) беретін жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен жарылғыш материалдардың Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

N

7 2 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

2003 жылғы 4 наурыздағы N 03-СВК/03-Э келісім-шарт бойынша "Интерхим" жабық акционерлік қоғамы (Қара-Балта қаласы, Қырғыз Республикасы) "Сибвзрывкомплект" жабық акционерлік қоғамы (Новосибирск қаласы, Ресей Федерациясы) беретін тауарлардың саны

P/c N	Тауардың атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Саны	Бірлік бағасы	Құны АҚШ долларымен
					АҚШ долларымен	
1	Аммонит 6ЖВ	360200000	тн	250,0	600,0	150000,0
		ұ н т а қ			М Е М С Т	
	1984-76					
2	Граммонит	360200000	тн	60,0	475,0	28500,0
		7 9 / 2 1			М Е М С Т	
	21988-76					
	Ж и ы н ы					1 7 8 5 0 0 , 0

Жөнелту пункті: Черкасов Камень стансасы (Ресей Федерациясы).
Белгіленген пункті: Желарық стансасы (Қырғыз Республикасы).
Шекаралық өту пункттері: Локоть стансасы (Ресей Федерациясы) - Луговая стансасы (Қазақстан Республикасы).